

Ақпаратама

Қазіргі таңда жан -жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің өртөнді болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруды мектеп кітапханасының да үлесі бар екені рас. Ол - мектептің жүргегі, ажырамас бір бөлігі. Мына келген жаңа заман – компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздең, көзі ашық, көкрегі ояу әр баланың бір қасиетті шаңырағы – кітапхана. Кітап біздің рухани құндылығымыз, тенденсі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.

«Шетпе гимназия» КММ-де кітапхананың болуы – ия

- Кітапхана бірлік – 1
- Кітапхана ауданы – 30
- Оку залы саны, бірлік - 0
- Оқырман саны - 247
- Келіп кетуші саны - 1476
- Кітап беру саны – 2301

Кітапхана қорына келетін болсақ, кітапханамызда барлық кітап саны - 11754, оның ішінде оқулық саны - 8530, оның ішінде көркем әдебиеттермен брошуралар – 3224 бар. Электронды оқулықтар саны – 194, қазақ тіліндегі кітаптар 8530, көркем әдебиеті – 2904, жаратылыстану ғылыми – 98, оқу бағдарламасы бойынша - 441, қосымша оқу әдістемесі - 358, оның ішінде 5 жылда сатып алынды – 349.

Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылар 100 % оқулықтармен қамтамасыз етілді. Мектепте 241 оқушы бар, солардың барлығы оқулықпен қамтамасыз етілді. Оқулықтар «Атамұра», «Арман – ПВ», «Алматыкітап», «Келешек -2030», «Бебек», «Мектеп», «Oxford University Press» баспасынан шыққан оқулықтарды пайдалануда.

Мектеп кітапханасы – кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар мұғалімдермен тығыз байланыста болып, әр түрлі іс -шаралар, байқаулар және кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады. Мысалы жыл басынан бері «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқып өсеміз кітапты», «Маңғыстау өнірінен шыққан танымал тұлғалар», «Ең үздік кітап оқитын сынып», «Ертегілер еліне саяхат», «Бір отбасы – бір кітап», «Табысты адамдардың құпиясы» атты кітап көрмелері мен іс – шаралары жүргізілді. Сонымен қатар «Тоғыз айға тоғыз іс -шара» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық члененжіне байланыстым видео жасалып, интернет желісіне фейсбукке жүктелді.

Әр тоқсан сайын оқулықтардың тазалығы тексеріліп тұрады.

Корытындылай келе жыл бойына мектепте жүргізілетін кітапхана жұмысының нәтижесіне қарап оқушыларға кітап окуды насиҳаттауға, кітап оқуға құштарлықты айқындауда басым бағыттылықпен сыннып жетекшілерімен ынтымақтастықты орната отырып оқушыларға игілікті іс – шараларды өткізуге ұжым болып бірге атсалысу жұмысын одан әрі жетілдіруде мақсатымыз айқын.